

PHILIPS

Интернет
радиосы

M2805



Пайдаланушы нұсқаулығы

Мына бетте өніміңізді тіркеңіз және қолдау алыңыз:
www.philips.com/support

Мазмұны

1	Маңызды	2
	Қауіпсіздік	2
	Есту қауіпсіздігі	2
2	Интернет радиоңыз	3
	Кіріспе	3
	Қорапта не бар	3
	Негізгі блокқа шолу	3
	Қашықтан басқару құралына шолу	4
3	Жұмысты бастау	5
	Радиоантеннаны қосу	5
	Қуатты қосу	5
	Өнімді орналастыру	5
	Қашықтан басқару құралын дайындау	6
	Қуатты қосу	6
	Бастапқы реттеуді орындау	6
4	Интернет радиосын тыңдау	8
	Мәзірді интернет радиосы режимінің станциялар тізімінде пайдалану	8
	Интернет радиостанцияларын сақтау	9
	Алдын ала орнатылған интернет радиостанциясын таңдау	9
	Интернет радиостанциясы туралы ақпаратты көрсету	9
5	Spotify тыңдау	9
6	DAB радиосын таңдау	10
	DAB радиостанцияларына реттеу	10
	Қолжетімді станциялар тізімінен станцияға реттеу үшін	10
	DAB радиостанцияларын сақтау	10
	Алдын ала орнатылған DAB радиостанциясын таңдау	10
	DAB мәзірін таңдау және ақпараттық дисплей	10
	DAB+ ақпаратын көрсету	11
7	FM радиосын тыңдау	11
	FM радиостанцияларына реттеу	11
	FM радиостанцияларын сақтау	11
	Алдын ала орнатылған FM радиостанциясын таңдау.	12
	Мәзірді FM режимінде пайдалану	12
	RDS ақпаратын көрсету	12
8	Bluetooth функциясын қолдайтын құрылғылардан ойнату	13
9	Жүйенің параметрлер мәзірін пайдалану	13
	Жүйелік тілді орнату	14
	Желі параметрлерін реттеу	14
	Уақытты/күнді орнату	14
	Барлық параметрлерді ысыру	14
	Бағдарламалық құрал туралы ақпаратты тексеру және микробағдарламаны жаңарту (қолжетімді болса)	14
	Бағдарламалық құралдың нұсқасын тексеру	15
	Артқы жарықтың параметрлерін реттеу	15
10	Жүйенің басты мәзірін пайдалану	15
	Сағат пен оятқыш дыбысын орнату	15
	Ұйқы таймерін орнату	16
11	Өнім туралы ақпарат	17
12	Ақаулықтарды жою	17
13	Ескерту	18
	Сәйкестік туралы декларация	18
	Қоршаған ортаны күту	18

1 Маңызды

Қауіпсіздік

Осы өнімді пайдалану алдында барлық нұсқауларды оқып шығып, түсініңіз. Нұсқауларды орындамау зақым тудырса, кепілдік қолданылмайды.



Бұл «найзағай жарқылы» құрылғы ішіндегі оқшауланбаған материал ток соғуына әкелуі мүмкін екенін көрсетеді. Отбасыңыздағы әрбір адамның қауіпсіздігі үшін корпусты ашпаңыз. «Леп белгісі» пайдалану және техникалық қызмет көрсету мәселелерін болдырмау үшін жинақтағы материалды мұқият оқу керек мүмкіндіктерге көңіл аударады.

ЕСКЕРТУ: өрт немесе ток соғуы қаупін азайту үшін бұл құрылғыға жаңбырдың немесе ылғалдың әсерін тигізбеу керек және бұл құрылғыға вазалар сияқты сұйықтықтар толтырылған заттарды қоймау керек.

САҚТЫҚ ЕСКЕРТУ: ток соғуын болдырмау үшін ашаны толығымен кіргізіңіз. (Поляризацияланған ашалары бар аймақтар үшін: ток соғуын болдырмау үшін кең істікті кең слотқа сәйкес келтіріңіз).

Ескерту

- Бұл құрылғының корпусын ешқашан ашпаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін ешқашан майламаңыз.
- Бұл құрылғыны басқа электр жабдыққа ешқашан қоймаңыз.
- Бұл құрылғыны тік күн жарығынан, ашық оттан немесе жылудан аулақ ұстаңыз.
- Осы құрылғыны қуаттан ажырату үшін сізде әрқашан қуат сымна, ашаға немесе адаптерге оңай қатынас болуын қамтамасыз етіңіз.

- Құрылғыға тамшылардың және шашырандылардың әсерін тигізбеу керек.
- Құрылғыға ешбір қауіп көзін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттарды, жанып тұрған майшамдарды) қоймаңыз.
- Желілік аша немесе құрылғы жалғастырғышы ажырату құралы ретінде пайдаланылса, ажырату құралы пайдалануға дайын күйде болуы керек.

- Желдету үшін өнім айналасында жеткілікті бос кеңістік бар екенін тексеріңіз.
- Батареяны пайдалануға қатысты САҚТЫҚ ЕСКЕРТУ – Дене жарақатына, мүліктің зақымдалуына немесе құрылғының зақымдалуына әкелуі мүмкін батарея сұйықтығының жылыстауын болдырмау үшін.
- Батареяларды көрсетілгендей дұрыс полюстармен орнатыңыз.
- Батареяларға (орауыштағы немесе орнатылған) күн шуағы, от немесе сол сияқты артық жылудың әсерін тигізбеу керек.
- Құрылғы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын болса, батареяларды алып тастаңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен тіркемелерді/ аксессуарларды пайдаланыңыз.

Сақтық ескерту

- Есту қабілетін зақымдап алмау үшін құлаққаптарды жоғары дыбыс деңгейінде пайдалану уақытын шектеңіз және дыбыс деңгейін қауіпсіз деңгейге орнатыңыз.
- Дыбыс деңгейі неғұрлым жоғарырақ болса, қауіпсіз тыңдау уақыты соғұрлым қысқарақ.

Есту қауіпсіздігі

Құлаққаптарды пайдаланғанда келесі ережелерді сақтаңыз.

- Тиісті дыбыс деңгейлерінде тиісті уақыт кезеңдері бойы тыңдаңыз.
- Құлақтарыңыз бейімделгенде, дыбыс деңгейін реттемеңіз.
- Дыбыс деңгейін айналадағыны ести алмайтындай жоғарылатпаңыз.
- Ықтимал қауіпті жағдайларда сақ болу немесе пайдалануды уақытша тоқтату керек.
- Құлақтықтардан немесе құлаққаптардан шығатын артық дыбыс қысымы есту қабілетін жоғалтуға әкелуі мүмкін.

2 Интернет радиоңыз

Сатып алуыңызбен құттықтаймыз және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдаудың толық артықшылығын пайдалану үшін өнімді www.philips.com/support бетінде тіркеніз.

Кіріспе

Бұл құрылғы арқылы сіз:


- Желілік байланыс арқылы интернет радиосын тыңдай аласыз.
- FM және Digital Audio Broadcasting (DAB) радиосын тыңдай аласыз.
- Bluetooth құрылғыларынан ойната аласыз.
- Телефоныңызды, планшетіңізді немесе компьютеріңізді Spotify қолданбасы үшін қашықтан басқару құралы ретінде пайдалана аласыз.
- Уақытты біле және оятқыш дыбысын орната аласыз.

Қорапта не бар

Орауыштың құрамын тексеріңіз және анықтаңыз:

- Негізгі блок
- Үстел тұрғысы
- 1 x айнымалы ток қуат адаптері
- 1 x радиоантенна
- Қашықтан басқару құралы (2 x AAA батареясы бар)
- Басылған материалдар

Негізгі блокқа шолу




- ① ИҚ сенсоры

② ЖШД индикатор

- Күту режимінің индикаторы: осы өнім күту режиміне ауысқанда, қызыл түспен жанады.

③ Дисплей тақтасы

- Ағымдағы күйді көрсетеді.



④

- Гарнитура ұяшығы.

⑤ AUX IN

- Сыртқы аудио құрылғыға қосу.

⑥

- Қосу немесе күту режиміне ауыстыру.

⑦ / PAIRING (ЖҰПТАСТЫРУ)

- Көзді таңдау үшін басыңыз: FM, DAB+, AUDIO IN, BT.
- Bluetooth режимінде жұптастыру режиміне кіру үшін басып, 2 секундтан көбірек ұстап тұрыңыз.

⑧ MENU (МӘЗІР) /

- Басты мәзірге өту.

⑨ PRESET (АЛДЫН АЛА ОРНАТЫМ)

- Алдын ала орнатылған интернет радиостанциясын, FM радиостанциясын немесе DAB+ станциясын таңдау.

⑩ SELECT (ТАҢДАУ) /

- Таңдауды растау.

11 **INFO / (АҚПАРАТ /)**

- Ақпаратты көрсету.
- Артқы жарықтың жарықтығын реттеу.

12 **SLEEP/ALARM (ҰЙҚЫ/ОЯТҚЫШ ДЫБЫСЫ)**

- Оятқыш дыбысы және ұйқы опцияларын орнату.

13 **◀◀ / TUNE (РЕТТЕУ) —**

- Алдыңғы трекке өту;
- Алдыңғы радиостанцияға реттеу.

14 **TUNE (РЕТТЕУ) + / ▶▶**

- Келесі трекке өту;
- Келесі радиостанцияға реттеу.

15 **VOL (ДЫБЫС ДЕҢГЕЙІ) — ЖӘНЕ VOL (ДЫБЫС ДЕҢГЕЙІ) +**

- Дыбыс деңгейін реттеу.

16 **MUTE (ДЫБЫСТЫ ӨШІРУ)**

- Дыбысты өшіру.


17 **ANT**

- Жинақтағы радиоантеннаға қосу.

18 **DC IN JACK**

- Жинақтағы қуат адаптеріне қосылу.

Қашықтан басқару құралына шолу



1


- Қосу немесе күту режиміне ауыстыру.

2

- Графикалық басты мәзірге өту үшін басыңыз;
- Интернет радиосы, Spotify, DAB радиосы, FM радиосы, BT режимі, AUX IN режимі.
- BT режиміне ауысу үшін басып, ұстап тұрыңыз.

3

- Ойнату туралы ақпаратты немесе радио қызметі туралы ақпаратты көрсету.



- FM станциясын таңдау.
- DAB+ станциясын таңдау.
- Радиостанцияларды бағдарламалау.
- Радиостанцияларды автоматты түрде сақтау.
- Дыбыс деңгейін реттеу.
- AUDIO IN көзін таңдау.

5

- Алдын ала орнатылған радиостанцияны таңдау.

6

- Алдыңғы мәзірге оралу.

7 **SOUND / DBB**

- Алдын ала орнатылған дыбыс әсерін таңдау.
- DBB қосу немесе өшіру.

8

- Оятқыш дыбысы таймерін орнату.

9

- Ұйқы таймерін орнату.

10

- Артқы жарықтың жарықтығын реттеу.

11

- Дыбысты өшіру немесе қалпына келтіру.

3 Жұмысты бастау



Сақтық ескерту

- Осындағыдан басқа басқару элементтерін немесе реттеулерді пайдалану, я болмаса процедураларды орындау қауіпті сәулелену әсеріне немесе басқа қауіпті пайдалануға әкелуі мүмкін.

Осы тараудағы нұсқауларды әрқашан ретпен орындаңыз.


Philips компаниясына хабарлассаңыз, сізден осы өнімнің үлгі нөмірі және сериялық нөмірі сұралады.

Үлгі нөмірі _____

Сериялық нөмір _____


Радиоантеннаны қосу

Радионы тыңдау алдында жинақтағы радиоантеннаны осы өнімге қосыңыз.



Қуатты қосу

Қуат сымын розеткаға қосыңыз.



Сақтық ескерту

- Өнімнің зақымдалу қаупі бар! Қуат көзінің кернеуі құрылғының артқы немесе төменгі жағында басылған кернеуге сәйкес екенін тексеріңіз.
- Ток соғу қаупі бар! Айнымалы ток қуат адаптерін розеткаға қосу алдында адаптер ашасының түрлендіргіші берік түрде бекітілгенін тексеріңіз. Айнымалы ток қуат адаптерін розеткадан ажыратқанда, әрқашан ашадан тартыңыз, сымнан ешқашан тартпаңыз.
- Айнымалы ток қуат адаптерін қосу алдында барлық басқа қосылымдарды орнатқаныңызды тексеріңіз.


Өнімді орналастыру

Осы өнімді үстелге қою алдында жинақтағы үстел тұрғысын төменде көрсетілгендей негізгі блокқа бекітіңіз.



Кеңес

- Осы өнімді қабырғаға бекіту жолын жапсырылған қабырғаға бекіту парағынан қараңыз.



Қашықтан басқару құралын дайындау




Сақтық ескерту


- Өнімнің зақымдалу қаупі бар! Қашықтан басқару құралы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, батареяларды алып тастаңыз.
- Батареялар химиялық заттарды қамтиды, сондықтан оларды қоқысқа тиісті түрде лақтыру керек.

Қашықтан басқару құралының батареяларын салу үшін:


- 1 Батарея бөлімін ашыңыз



- 2 Жинақтағы 2 AAA батареясын көрсетілгендей дұрыс полюспен (+/-) салыңыз.



- 3 Батарея бөлімін жабыңыз.



Қуатты қосу

 түймесін басыңыз.

- ↳ Қосқанда, құрылғы соңғы таңдалған көзге реттеледі.

Күту режиміне ауысу үшін  түймесін қайтадан басыңыз.

- ↳ Дисплей тақтасы күңгірттенеді.
- ↳ Уақыт пен күн (орнатылған болса) көрсетіледі.




Ескертпе

- Жүйе 15 минут бойы әрекетсіз болса, радио күту режиміне автоматты түрде ауысады.

Басты дисплейге ауысу үшін:

- 1  түймесін басыңыз.

- ↳ Дисплей тақтасы төмендегідей көрсетіледі:



Интернет радиосы

- 2 Мәзір опцияларын таңдау үшін шарлау түймелерін басыңыз.

Бастапқы реттеуді орындау

Біраз негізгі параметрлерді конфигурациялау үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

Интернет радиосын тыңдау үшін алдымен Wi-Fi байланысын реттеу керек. Wi-Fi Protected Setup (WPS) — Wi-Fi Alliance ұйымы үйдегі қорғалған сымсыз желілерді оңай орнату үшін жасаған стандарт. WPS функциясын қолдайтын сымсыз маршрутизаторға қосылу алдында, екі реттеу әдісінің біреуі арқылы радионы маршрутизаторға тез және қорғалған жолмен қоса аласыз: түймемен конфигурациялау (PBC) немесе жеке идентификациялық нөмір (PIN).


WPS функциясын қолдамайтындарда, сізде радионы сымсыз маршрутизаторға қосудың басқа опциясы бар.



Ескертпе

- Желіге қосылу алдында желілік маршрутизатормен танысыңыз.
- Үйдегі Wi-Fi желінің қосылуы екенін тексеріңіз.

- 1 Өнімнің қуатын бірінші рет қосқанда, дисплей көрсетіледі.



- 2  түймесін басыңыз.

- 3 [Language (Тіл)] жазуы көрсетіледі.

- Таңдаулы тілді таңдау үшін шарлау түймелерін басыңыз.

- 4 [Privacy notice (Құпиялық туралы ескерту)] жазуы көрсетіледі.
- Растау үшін [Select (Таңдау)] немесе [OK] түймесін басыңыз.

- 5 [Setup wizard (Реттеу шебері)] жазуы көрсетіледі.

- Біраз негізгі параметрлерді конфигурациялау үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- 6 [Setup wizard (Реттеу шебері)] жазуы көрсетілгенде,


- Шарлау түймелерін басып [YES (Иә)] жауабын таңдаңыз және реттеуді бастаңыз.
- Растау үшін [Select (Таңдау)] немесе [OK] түймесін басыңыз. [NO (Жоқ)] жауабын таңдасаңыз, сізден келесі ретте шеберді іске қосу сұралады.

- 7 [12/24 hour format (12/24 сағаттық пішім)] жазуы көрсетілгенде,

- 12 немесе 24 сағаттық пішімді таңдау үшін шарлау түймелерін басыңыз, содан кейін растау үшін [Select (Таңдау)] немесе [OK] түймесін басыңыз.

- 8 [Auto update (Автоматты жаңарту)] тізімі көрсетілгенде,

- Таңдаулы уақытты жаңарту әдісін таңдау үшін шарлау түймелерін басыңыз, содан кейін растау үшін [Select (Таңдау)] немесе [OK] түймесін басыңыз.



[Update from DAB (DAB ішінен жаңарту)]: уақытты DAB станцияларымен синхрондау.

[Update from FM (FM ішінен жаңарту)]: уақытты FM станцияларымен синхрондау.

[Update from Network (Желіден жаңарту)]: уақытты интернет радиостанцияларымен синхрондау.

- ↳ [Update from Network (Желіден жаңарту)] опциясы таңдалса, уақыт белдеуін орнату үшін 6-қадамды қайталаңыз, содан кейін жазғы уақытты орнату және өнім желіні әрқашан қосулы ұстайтын-ұстамайтынын орнату үшін 6-қадамды қайталаңыз.

[No update (Жаңартпау)]: уақытты синхрондауды өшіру.

- ↳ [No update (Жаңартпау)] опциясы таңдалса,

күн мен уақытты орнату үшін 7-қадамды қайталаңыз.

- 9 [Set timezone (Уақыт белдеуін орнату)] жазуы көрсетілгенде,

- Өзіңіз орналасқан уақыт белдеуін таңдау үшін шарлау түймелерін басыңыз.

- 10 [Daylight savings (Жазғы уақыт)] жазуы көрсетілгенде,

- Жазғы уақытты пайдалану үшін [YES (Иә)] жауабын таңдаңыз.
- Растау үшін [OK] түймесін басыңыз.
- [NO (Жоқ)] жауабын таңдасаңыз, сізден келесі ретте шеберді іске қосу сұралады.

- 11 [Network settings (Желі параметрлері)] жазуы көрсетілгенде,

- Желіні қосулы ұстау үшін [YES (Иә)] жауабын таңдау үшін шарлау түймелерін басыңыз.
- Растау үшін [OK] түймесін басыңыз.
 - ↳ Радио сымсыз желілерді іздеуді автоматты түрде бастайды.
 - ↳ Қолжетімді Wi-Fi желілерінің тізімі көрінеді.

- 12 [SSID] жазуы көрсетілгенде,

- Желіні таңдау үшін шарлау түймелерін басыңыз.
- Сымсыз маршрутизаторға қосылу опциясын таңдау үшін [OK] түймесін басыңыз.

WPS реттеу

Сымсыз маршрутизаторда WPS түймесін басыңыз. Жалғастыру үшін өнімде [Select (Таңдау)] түймесін басыңыз.

- [Push Button (Түйме)]: сымсыз маршрутизаторыңыз WPS және PBC арқылы реттеу әдісін қолдаса таңдаңыз. Сізден маршрутизатордағы қосылу түймесін басу, содан кейін жалғастыру үшін [OK] түймесін басу сұралады.
- [Pin (PIN)]: бұл опцияны сымсыз маршрутизаторыңыз WPS және PIN арқылы реттеу әдісін қолдаса таңдаңыз. Маршрутизаторға енгізуге болатын радио жасаған 8 цифрлық код нөмірі.
- [Skip WPS (WPS өткізіп жіберу)]: бұл опцияны сымсыз маршрутизаторыңыз WPS функциясын қолдамаса таңдаңыз. Сізден Wi-Fi желіңіздің кілтің енгізу сұралады.

13 Дисплей тақтасындағы нұсқауға сай, желіге қосылу үшін WPS түймесін басыңыз немесе сымсыз маршрутизаторда PIN кодын енгізіңіз, я болмаса кілтті енгізіңіз (Көрсетілетін опциялар желі түріне және пайдаланылатын желі қорғанысына байланысты).

- Желі кілтін енгізгенде, таңбаны таңдау үшін шарлау түймелерін басыңыз, содан кейін растау үшін [OK] түймесін басыңыз.



- Бас тарту үшін [CANCEL (БАС ТARTY)] үшін шарлау түймелерін басыңыз, содан кейін растау үшін [OK] түймесін басыңыз.
- Енгізгенді жою үшін шарлау түймелерін басып [BKSP] перменін орындаңыз, содан кейін растау үшін [OK] түймесін басыңыз.
- Процестен шығу үшін [MENU (МӘЗІР)] түймесін басыңыз. Желімен байланыс орнатылса, [Connected (Қосылған)] жазуы көрсетіледі.

14 [Setup wizard completed (Реттеу шебері аяқталды)] жазуы көрінгенде, параметрлерді орнатудың шығу үшін [OK] түймесін басыңыз.



Ескертпе

- Кейбір Wi-Fi маршрутизаторлары үшін Wi-Fi байланысын орнату үшін WPS түймесін ұстап тұру керек болуы мүмкін. Мәліметтерді нақты маршрутизаторлардың пайдаланушы нұсқаулықтарынан қараңыз.
- Реттеу шеберін қайтадан іске қосу үшін [System settings (Жүйе параметрлері)] > [Setup wizard (Реттеу шебері)] мәзірін таңдаңыз («Жүйелік параметрлер мәзірін пайдалану» тарауын қараңыз).

4 Интернет радиосын тыңдау

Ескертпе

- Үй Wi-Fi желісі қосылу екенін тексеріңіз.

Радио интернет байланысы арқылы дүние жүзіндегі мыңдаған радиостанцияларды ойната алады.

Мәзірді интернет радиосы режимінің станциялар тізімінде пайдалану


Интернет байланысы орнатылғаннан кейін сіз станциялар тізімі көрсетілгенін көресіз. Таратылымды бастау үшін біреуін таңдаңыз.

1 Интернет радиосы режимін таңдаңыз.

- ↳ Радио алдыңғы қосылған желіге қосыла бастайды, содан кейін соңғы тыңдаған интернет радиостанциясына реттейді.
- ↳ Егер бұрын желілік байланыс орнатылмаған болса, радио сымсыз желілерді іздеуді автоматты түрде бастайды (Желілік байланысты орнату туралы ақпаратты «Get started (Жұмысты бастау)» > «Perform initial setup (Бастапқы реттеуді орындау)» немесе «Use system settings menu (Жүйелік параметрлер мәзірін пайдалану)» > «Adjust network settings (Желі параметрлерін реттеу)» бөлімдерінен қараңыз).

2 Басты мәзірге қатынасу үшін  түймесін басыңыз.

3 Мәзір опцияларын таңдау үшін шарлау түймелерін басыңыз.



[Station list (Станциялар тізімі)]: кез келген қолжетімді интернет радиостанцияларына реттеу.

[System settings (Жүйе параметрлері)]: жүйе параметрлерін реттеу (барлық жұмыс режимдері үшін бірдей мәзір опциясы. Мәліметтерді «Жүйелік параметрлер мәзірін пайдалану» тарауынан қараңыз).

[Main menu (Басты мәзір)]: басты мәзірге қатынасу (барлық жұмыс режимдері үшін бірдей мәзір опциясы. Мәліметтерді «Басты мәзірді пайдалану» тарауынан қараңыз).

4 Опцияны таңдау үшін **[OK]** түймесін басыңыз.

5 Бір опцияның астында кез келген қосалқы опция қолжетімді болса, 3 - 4 қадамдарын қайталаңыз.

- Алдыңғы мәзірге оралу үшін  түймесін басыңыз.

[Station list (Станциялар тізімі)]

[China (Қытай)]: Қытайдағы кез келген қолжетімді интернет радиостанцияларына реттеу, мысалы, поп музыкасы, классикалық музыка, бизнес жаңалықтары және т.б.

[Stations (Станциялар)]

[History (Тарих)]: интернет радиостанцияларын тарихы бойынша шолу.

[Search (Іздеу)]: интернет радиостанцияларын іздеу. Іздеу үшін таңбаларды таңдау арқылы кілтсөзді енгізу үшін шарлау түймелерін басыңыз, содан кейін **[SELECT (ТАҢДАУ)]** түймесін басыңыз.

[Location (Орын)]: интернет радиостанцияларын орны бойынша шолу.

[Popular (Танымал)]: интернеттегі ең танымал станцияларға реттеу.

[Discover (Табу)]: интернет радиоларының тізімін табу үшін реттеу.

Интернет радиостанцияларын сақтау

Ескертпе

- Ең көбі 20-ға дейін интернет радиостанциясын сақтауға болады.

1 Интернет радиосы режимінде интернет радиостанциясына реттеу.

2 **[PRESET (АЛДЫН АЛА ОРНАТЫМ)]** түймесін басып, 2 секунд бойы ұстап тұрыңыз.

- ↳ Алдын ала орнатылған станциялар тізімі көрсетіледі.

3 Алдын ала орнатим нөмірін таңдау үшін шарлау түймелерін басыңыз, содан кейін растау үшін **[SELECT (ТАҢДАУ)]** түймесін басыңыз.

- ↳ **[Preset stored (Алдын ала орнатим сақталды)]** жазуы көрсетіледі.

- ↳ Станция таңдалған орында сақталады.

Алдын ала орнатылған интернет радиостанциясын таңдау

- 1** Интернет радиосы режимінде **[PRESET (АЛДЫН АЛА ОРНАТЫМ)]** түймесін басыңыз.
- 2** Нөмірді таңдау үшін шарлау түймелерін басыңыз, содан кейін растау үшін **[SELECT (ТАҢДАУ)]** түймесін басыңыз.

Интернет радиостанциясы туралы ақпаратты көрсету

Интернет радиосын тыңдау кезінде, келесі ақпаратты (қолжетімді болса) айналдыру үшін **[INFO (АҚПАРАТ)]** түймесін қайта-қайта басыңыз:

- Орындаушы және трек атауы
- Станцияның сипаттамасы
- Станцияның жанры және орны
- Кодек және дискретизация жиілігі
- Ойнату буфері
- Күн

Ескертпе

- 15 секунд ішінде ешбір түйме басылмаса, мәзірден шығу орындалады.
- Анда-санда станциялар тізімдері және қосалқы мәзірлер өзгеріп отыруы және орындарға қарай өзгеріп отыруы мүмкін.

5 Spotify тыңдау

- Телефоныңызды, планшетіңізді немесе компьютеріңізді Spotify қолданбасы үшін қашықтан басқару құралы ретінде пайдаланыңыз.
- Мұның жолын білу үшін www.spotify.com/connect бетіне өтіңіз.
- Spotify бағдарламалық құралына мұнда табуға болатын үшінші тарап лицензиялары қолданылады: www.spotify.com/connect/third-party-licenses/

6 DAB радиосын таңдау

DAB радиостанцияларына реттеу

Сіз DAB радиосы режимін бірінші рет таңдағанда немесе станциялар тізімі бос болса, радио толық іздеуді автоматты түрде орындайды.

- 1 Басты мәзірге қатынасу үшін түймесін басыңыз .
- 2 Мәзір опцияларын таңдау үшін шарлау түймелерін басыңыз, содан кейін **[DAB]** режимін таңдаңыз.
 - ↳ **[Scan (Іздеу)]** жазуы көрсетіледі.
 - ↳ Радио барлық DAB радиостанцияларын автоматты түрде іздейді және сақтайды, содан кейін бірінші қолжетімді станцияны таратады.
 - ↳ Станциялар тізімі радиода жаталады. Сіз радионы келесі рет қосқанда, станцияларды іздеу орын алмайды.

Қолжетімді станциялар тізімінен станцияға реттеу үшін

DAB режимінде, қолжетімді DAB станцияларын шарлау үшін шарлау түймелерін басыңыз.

Кеңес

- Анда-санда станциялар өзгеруі мүмкін. Станциялар тізімін жаңарту үшін толық іздеуді орындау үшін **[Scan (Іздеу)]** мәзірін таңдаңыз.

DAB радиостанцияларын сақтау

Ескертпе

- Оқтын-оқтын DAB таратылымына жаңа станциялар мен қызметтер қосылып тұрады. Жаңа DAB станциялары мен қызметтерін қолжетімді ету үшін іздеуді жүйелі түрде орындап тұрыңыз.
- Ең көбі 20-ға дейін DAB радиостанциясын сақтауға болады.

- 1 DAB режимінде DAB радиостанциясына реттеңіз.

- 2 **[PRESET (АЛДЫН АЛА ОРНАТЫМ)]** түймесін басып, 2 секундтан көбірек ұстап тұрыңыз.
 - ↳ Алдын ала орнатылған станциялар тізімі көрсетіледі.
- 3 Алдын ала орнатым нөмірін таңдау үшін шарлау түймелерін басыңыз, содан кейін растау үшін **[SELECT (ТАҢДАУ)]** немесе **[OK]** түймесін басыңыз.
 - ↳ **[Preset stored (Алдын ала орнатым сақталды)]** жазуы көрсетіледі.
 - ↳ Станция таңдалған орында сақталады.

Алдын ала орнатылған DAB радиостанциясын таңдау

- 1 DAB режимінде **[PRESET (АЛДЫН АЛА ОРНАТЫМ)]** түймесін басыңыз.
- 2 Нөмірді таңдау үшін шарлау түймелерін басыңыз, содан кейін растау үшін **[SELECT (ТАҢДАУ)]** немесе **[OK]** түймесін басыңыз.

DAB мәзірін таңдау және ақпараттық дисплей

- 1 DAB режимінде DAB мәзіріне қатынасу үшін **[MENU (МӘЗІР)]** түймесін басыңыз.
- 2 Мәзір опцияларында ауысу үшін шарлау түймелерін басыңыз.



[Station list (Станциялар тізімі)]: барлық DAB радиостанцияларын көрсету. Станция табылмаса, радио DAB станцияларын іздеуді және станциялар тізіміне қосуды бастайды.

[Scan (Іздеу)]: барлық қолжетімді DAB+ радиостанцияларын іздеу және сақтау.

[Manual tune (Қолмен реттеу)]: DAB+ станциясына қолмен реттеу.

[Prune invalid (Дұрыс еместерін жою)]: станциялар тізімінен дұрыс емес станцияларды жою.

[DRC]: радиосигналдың динамикалық ауқымын сығымдайды, осылайша тыныш дыбыстардың дыбыс деңгейі артады, ал қатты дыбыстардың дыбыс деңгейі азаяды.

[Station order (Станциялардың реті)]: станциялар

тізімін айналдырғанда, станциялар қалай орналасатынын анықтауға мүмкіндік береді.

[**System settings** (Жүйе параметрлері)]: жүйе параметрлерін реттеу.

[**Main Menu** (Басты мәзір)]: басты мәзірге қатынасу («Басты мәзірді пайдалану» тарауын қараңыз).

- 3 Опцияны таңдау үшін [**SELECT** (ТАҢДАУ)] немесе [**OK**] түймесін басыңыз.
- 4 Қосалқы опция қолжетімді болса, 2-3 қадамдарын қайталаңыз.
 - Мәзірден шығу үшін [**MENU** (МӘЗІР)] / [**INFO** (АҚПАРАТ)] түймесін қайтадан басыңыз.

[**Prune invalid** (Дұрыс еместерін жою)]

↳ [**Yes** (Иә)]: станциялар тізімінен жарамсыз станциялардың барлығын жою.

↳ [**No** (Жоқ)]: алдыңғы мәзірге оралу.

[**DRC**]

↳ [**DRC high** (DRC жоғары)]: DRC функциясын жоғары деңгейге ауыстыру (шулы орталар үшін әдепкі опция ұсынылады).

↳ [**DRC low** (DRC төмен)]: DRC функциясын төмен деңгейге ауыстыру.

↳ [**DRC off** (DRC өшірулі)]: DRC функциясын өшіру.

[**Station order** (Станциялардың реті)]

↳ [**Alphanumeric** (Әліпбилік-сандық)]: станцияларды әліпбилік ретпен орналастыру (әдепкі параметр).

↳ [**Ensemble** (Топ)]: бір топта бірге таратылатын станциялардың топтарын тізеді (яғни: BBC немесе South Wales local).



Ескертпе

- 15 секунд ішінде ешбір түйме басылмаса, мәзірден шығу орындалады.

DAB+ ақпаратын көрсету

DAB радиосын тыңдау кезінде әртүрлі ақпаратты (қолжетімді болса) көрсету үшін [**MENU** (МӘЗІР)] / [**INFO** (АҚПАРАТ)] түймесін қайта-қайта басыңыз.

- Станция атауы
- Динамикалық белгі сегменті (DLS)
- Сигнал күші
- Бағдарлама түрі (PTY)
- Топ атауы
- жиілік
- Сигнал қателерінің жиілігі
- Биттер жылдамдығы және аудио күйі
- Кодек
- Уақыт пен күн

7 FM радиосын тыңдау

FM радиостанцияларына реттеу

- 1 Басты мәзірде [**FM**] режимін таңдаңыз.
- 2 (◀◀ немесе ▶▶) түймесін басып, 2 секундтан көбірек ұстап тұрыңыз.
 - ↳ Радио қабылдауы күшті FM радиостанциясына автоматты түрде реттеледі.
- 3 Көбірек станцияларға реттеу үшін 2-қадамды қайталаңыз.
 - ↳ Әлсіз станцияға реттеу үшін: оңтайлы қабылдауды тапқанша (◀◀ немесе ▶▶) түймесін қайта-қайта басыңыз.

FM радиостанцияларын сақтау



Ескертпе

- Ең көбі 20-ға дейін FM радиостанциясын сақтауға болады.

- 1 FM режимінде FM станциясына реттеніз.
- 2 [**PRESET** (АЛДЫН АЛА ОРНАТЫМ)] түймесін басып, 2 секунд бойы [**Save to Preset** (Алдын ала орнатымға сақтау)] жазуы көрсетілгенше ұстап тұрыңыз.
- 3 Осы радиостанцияға 1–20 аралығындағы нөмірді белгілеу үшін шарлау түймелерін басыңыз, содан кейін растау үшін [**SELECT** (ТАҢДАУ)] түймесін басыңыз.
 - ↳ [**Preset stored** (Алдын ала орнатым сақталды)] жазуы көрсетіледі.
- 4 Көбірек станцияны бағдарламалау үшін 1-3 қадамдарын қайталаңыз.



Ескертпе

- Бағдарламаланған станцияны қайта жазу үшін орнына басқа станцияны сақтаңыз.

Алдын ала орнатылған FM радиостанциясын таңдау.

- 1 FM режимінде [**PRESET** (АЛДЫН АЛА ОРНАТЫМ)] түймесін басыңыз.
- 2 Нөмірді таңдау үшін шарлау түймелерін басыңыз, содан кейін растау үшін [**SELECT** (ТАҢДАУ)] түймесін басыңыз.

Мәзірді FM режимінде пайдалану

- 1 FM режимінде FM мәзіріне қатынасу үшін [**MENU** (МӘЗІР)] түймесін басыңыз.
- 2 Мәзір опцияларында айналдыру үшін шарлау түймелерін басыңыз:



[**Scan setting** (Іздеу параметрі)]

[**Audio setting** (Аудио параметрі)]

[**System settings** (Жүйе параметрлері)]: жүйе параметрлерін реттеу («Жүйе параметрлері мәзірін пайдалану» тарауын қараңыз).

[**Main Menu** (Басты мәзір)]: басты мәзірге қатынасу («Басты мәзірді пайдалану» тарауын қараңыз).

- 3 Опцияны таңдау үшін [**SELECT** (ТАҢДАУ)] түймесін басыңыз.
- 4 Бір опцияның астында кез келген қосалқы опция қолжетімді болса, 2 - 3 қадамдарын қайталаңыз.
 - Алдыңғы мәзірге оралу үшін [**MENU** (МӘЗІР)] түймесін басыңыз.

[**Scan setting** (Іздеу параметрі)]

[**Strong stations only?** (Тек күшті станциялар ма?)]

↳ [**YES** (ИӘ)]: тек күшті сигналдары бар FM радиостанцияларын іздеу.

↳ [**NO** (ЖОҚ)]: барлық қолжетімді FM радиостанцияларын іздеу.

[**Audio setting** (Аудио параметрі)]

[**Listen in Mono only?** (Тек «Моно» режимінде тыңдау керек пе?)]

↳ [**YES** (ИӘ)]: моно таратылымын таңдау

↳ [**NO** (ЖОҚ)]: стерео таратылымын таңдау



Ескертпе

- 15 секунд ішінде ешбір түйме басылмаса, мәзірден шығу орындалады.

RDS ақпаратын көрсету

RDS (радио деректер жүйесі) FM станцияларына қосымша ақпаратты көрсетуге мүмкіндік беретін қызмет болып табылады. RDS сигналы бар FM станциясын тыңдасаңыз, RDS белгішесі және станция атауы көрсетіледі.

- 1 RDS станциясына реттеңіз.
- 2 Әртүрлі RDS ақпаратын (қолжетімді болса) көрсету үшін [**MENU** (МӘЗІР)] / [**INFO** (АҚПАРАТ)] түймесін қайта-қайта басыңыз:
 - Станция атауы
 - Радио мәтіндік хабарлары
 - Бағдарлама түрі
 - Жілік
 - Күн

8 Bluetooth функциясын қолдайтын құрылғылардан ойнату

- 1 Қашықтан басқару құралы арқылы Bluetooth көзін таңдау үшін  түймесін басыңыз.
 - ↳ [BT] көрсетіледі.
 - ↳ Bluetooth ЖШД индикаторы көк түспен жыпылықтайды.
- 2 Advanced Audio Distribution Profile (A2DP) профилін қолдайтын құрылғыңызда Bluetooth функциясын қосыңыз және жұптастыруға болатын Bluetooth құрылғыларын іздеңіз (Bluetooth құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).
- 3 Bluetooth функциясын қолдайтын құрылғыңызда «Philips M2805» құрылғысын таңдаңыз және қажет болса, жұптастыру құпиясөзі ретінде «0000» санын енгізіңіз.
 - ↳ «Philips M2805» ізделмесе немесе осы өніммен жұптастыра алмасаңыз, жұптастыру режиміне кіру үшін  түймесін басып, 2 секундтан көбірек ұстап тұрыңыз.
 - ↳ Сәтті жұптастыру және қосылудан кейін Bluetooth ЖШД индикаторы тұрақты көк түспен жанады.
- 4 Қосылған құрылғыдағы аудионы ойнатыңыз.
 - ↳ Аудио Bluetooth функциясын қолдайтын құрылғыңыздан осы өнімге ағындатылады.


Bluetooth функциясын қолдайтын құрылғыны ажырату үшін құрылғыңызда Bluetooth функциясын өшіріңіз.

Ескертпе

- Барлық Bluetooth құрылғыларымен үйлесімділікке кепілдік берілмейді.
- Осы құрылғы мен Bluetooth функциясын қолдайтын құрылғыңыз арасындағы кез келген кедергі жұмыс ауқымын азайтуы мүмкін.
- Осы құрылғы мен Bluetooth функциясын қолдайтын құрылғыңыз арасындағы тиімді жұмыс ауқымы — шамамен 10 метр (33 фут).
- Бұл құрылғы 8-ге дейін бұрын қосылған Bluetooth құрылғыларын жадында сақтай алады.

9 Жүйенің параметрлер мәзірін пайдалану

- 1 Басты мәзірге қатынасу үшін жұмыс режимінде  түймесін басыңыз.
- 2 Мәзір опцияларында айналдыру үшін шарлау түймелерін басыңыз.
- 3 [System settings (Жүйе параметрлері)] тармағын таңдаңыз, содан кейін растау үшін [OK] түймесін басыңыз.
- 4 Опцияны таңдау үшін 2 - 3 қадамдарын қайталаңыз.



[Equaliser (Эквалайзер)]: эквалайзер режимін таңдау.

[Network (Желі)]: желілік байланысты орнатуға мүмкіндік береді.

[Time/Date (Уақыт/күн)]: уақытты және күнді орнату.

[Language (Тіл)]: жүйе тілін таңдау.

[Factory Reset (Зауыттық параметрлерді қайта орнату)]: радионы зауыттық әдепкі күйге қайта орнату.

[Software update (Бағдарламалық құрал жаңартымы)]: бағдарламалық құрал жаңартымы туралы ақпаратты көру.

[Setup wizard (Реттеу шебері)]: сізге бастапқы реттеуді орындау туралы нұсқаулар береді.

[Info (Ақпарат)]: бағдарламалық құралдың нұсқасын тексеру.

[Privacy Policy (Құпиялық саясаты)]: құпиялық туралы ескертуді көру.

[Backlight (Артқы жарық)]: артқы жарық параметрлерін реттеу.

Ескертпе

- 15 секунд ішінде ешбір түйме басылмаса, мәзірден шығу орындалады.

Жүйелік тілді орнату

- 1 [System settings (Жүйе параметрлері)] > [Language (Тіл)] тармағын таңдаңыз.
↳ Тілдер тізімі көрсетіледі.
- 2 Мәзір опцияларында айналдыру үшін шарлау түймелерін басыңыз:
- 3 Растау үшін [SELECT (ТАҢДАУ)] түймесін басыңыз.

Желі параметрлерін реттеу

- 1 [System settings (Жүйе параметрлері)] > [Network (Желі)] тармағын таңдаңыз.
 - 2 Мәзір опцияларында айналдыру үшін шарлау түймелерін басыңыз:
 - 3 Растау үшін [SELECT (ТАҢДАУ)] түймесін басыңыз.
- [Network wizard (Желі шебері)]: желілік байланысты орнату туралы нұсқаулар береді.
- [PBC Wlan setup (PBC WLAN реттеу)]: сымсыз маршрутизаторыңыз WPS және PBC арқылы реттеу әдісін қолдаса таңдаңыз.
- [View settings (Параметрлерді көру)]: ағымдағы желі туралы ақпаратты көру.
- [Manual settings (Қолмен реттелетін параметрлер)]: [DHCP enable (DHCP қосу)]: IP мекенжайын автоматты түрде белгілеу.
- [DHCP disable (DHCP өшіру)]: IP мекенжайын қолмен белгілеу.
- [NetRemote PIN Setup (Желіде қашықтан PIN кодын орнату)]: желіде қашықтан енгізілетін құпиясөзді орнату.
- [Network profile (Желі профілі)]: радио жаттаған желілердің тізімін көрсету.
- [Clear network settings (Желі параметрлерін тазалау)]: желі параметрлерін таңдауды тазалау.
- [Keep network connected? (Желіні қосуды ұстау керек пе?)]: желіні қосуды ұстау керек пе, соны таңдау.

Уақытты/күнді орнату

- 1 [System settings (Жүйе параметрлері)] > [Time/Date (Уақыт/күн)] тармағын таңдаңыз.
- 2 Мәзір опцияларында айналдыру үшін шарлау түймелерін басыңыз:
- 3 Растау үшін [SELECT (ТАҢДАУ)] түймесін басыңыз.



[Set Time/Date (Уақытты/күнді орнату)]: уақытты және күнді орнату.

[Auto update (Автоматты жаңарту)]

[Update from DAB (DAB ішінен жаңарту)]: уақытты DAB станцияларымен синхрондау.

[Update from FM (FM ішінен жаңарту)]: уақытты FM станцияларымен синхрондау.

[Update from Network (Желіден жаңарту)]: уақытты интернет радиостанцияларымен синхрондау.

[No Update (Жаңартпау)]: уақытты синхрондауды өшіру.

[Set format (Пішімді орнату)]: 12/24 сағаттық пішімді орнату.

[Set timezone (Уақыт белдеуін орнату)]: уақыт белдеуін орнату.

[Daylight saving (Жазғы уақыт)]: жазғы уақытты белсендіру немесе өшіру.

Ескертпе

- DAB немесе FM радиостанциясынан уақытты жаңартып жатсаңыз, жазғы уақыт опциясы қолданылмайды.
- Желіден жаңартып жатсаңыз, уақыт белдеуін орнатаңыз.

Барлық параметрлерді ысыру

- 1 [System settings (Жүйе параметрлері)] > [Factory Reset (Зауыттық параметрлерді қайта орнату)] тармағын таңдаңыз.
 - 2 Мәзір опцияларында айналдыру үшін шарлау түймелерін басыңыз:
 - 3 Растау үшін [SELECT (ТАҢДАУ)] түймесін басыңыз.
- [Yes (Иә)]: радионы зауыттық әдепкі күйге қайта орнату.
- [No (Жоқ)]: алдыңғы мәзірге қайта орнату.

Бағдарламалық құрал туралы ақпаратты тексеру және микробағдарламаны жаңарту (қолжетімді болса)

- 1 [System settings (Жүйе параметрлері)] >

[Software update (Бағдарламалық құралды жаңарту)] тармағын таңдаңыз.

2 Мәзір опцияларында айналдыру үшін шарлау түймелерін басыңыз:

3 Растау үшін [SELECT (ТАҢДАУ)] түймесін басыңыз.

[Auto-check setting (Автоматты тексеру параметрі)]: жаңа бағдарламалық құрал нұсқаларын кезеңді түрде тексеріп тұру керектігін таңдау.

[Check now (Қазір тексеру)]: жаңа бағдарламалық құрал нұсқаларын дереу тексеру.



Ескертпе

- Жаңа бағдарламалық құрал қолжетімді екенін анықтаса, радио жаңартқыңыз келетін-келмейтінін сұрайды. Келіссеніз, жаңа бағдарламалық құрал жүктеп алынады және орнатылады. Бағдарламалық құралды жаңарту алдында радио тұрақты желілік қуат қосылымына қосылы екенін тексеріңіз. Бағдарламалық құралды жаңарту кезінде қуатты ажырату өнімді зақымдауы мүмкін.

Бағдарламалық құралдың нұсқасын тексеру

1 [System settings (Жүйе параметрлері)] > [Info (Ақпарат)] тармағын таңдаңыз.

2 Мәзір опцияларында айналдыру үшін шарлау түймелерін басыңыз.

3 Растау үшін [SELECT (ТАҢДАУ)] түймесін басыңыз.

→ Ағымдағы бағдарламалық құрал нұсқасы көрсетіледі.

Артқы жарықтың параметрлерін реттеу

1 [System settings (Жүйе параметрлері)] > [Backlight (Артқы жарық)] тармағын таңдаңыз.

2 Мәзір опцияларында айналдыру үшін шарлау түймелерін басыңыз:

3 Растау үшін [SELECT (ТАҢДАУ)] түймесін басыңыз.

[Timeout (Күту уақыты)]: дисплейдің артқы жарығы үшін күту уақыты кезеңін таңдау.

[On level (Қосылы деңгейі)]: артқы жарық үшін жарықтық деңгейін таңдау.

[Dim level (Күңгірттеу деңгейі)]: Medium (Орташа), Low (Төмен) және Off (Өшірулі) арасынан дисплейдің жарықтық деңгейін таңдау.

10 Жүйенің басты мәзірін пайдалану

1 Жоғарғы мәзірге қатынасу үшін жұмыс режимінде түймесін басыңыз.

2 Мәзір опцияларында айналдыру үшін шарлау түймелерін басыңыз:

3 [Main menu (Басты мәзір)] тармағын таңдаңыз.

4 Растау үшін [OK] түймесін басыңыз.

5 Опцияны таңдау үшін 2 - 3 қадамдарын қайталаңыз.

[Internet radio (Интернет радиосы)]: интернет радиосы режимін таңдау.

[Spotify]: Spotify режимін таңдау.

[DAB]: DAB режимін таңдау.

[FM]: FM режимін таңдау.

[Bluetooth]: Bluetooth режимін таңдау.

[Sleep (Ұйқы)]: ұйқы таймерін орнату.

[Alarm (Оятқыш дыбысы)]: оятқыш дыбысы таймерін орнату.

[System settings (Жүйе параметрлері)]: жүйе параметрлерін реттеу («Жүйе параметрлері мәзірін пайдалану» тарауын қараңыз).



Ескертпе

- 15 секунд ішінде ешбір түйме басылмаса, мәзірден шығу орындалады.
- Сондай-ақ режимді таңдау үшін көз түймесін басуға болады: интернет радиосы, Spotify, DAB радиосы, FM радиосы немесе Bluetooth.

Сағат пен оятқыш дыбысын орнату

Бұл өнімді оятқыш ретінде пайдалануға болады.

1 Жоғарғы мәзірге қатынасу үшін жұмыс режимінде [MENU (МӘЗІР)] түймесін басыңыз.

2 Мәзір опцияларында айналдыру үшін шарлау түймелерін басыңыз:

3 [Alarms (Оятқыш дыбыстары)] тармағын таңдаңыз.

→ Сағат орнатылмаған болса, хабар оны орнатуыңызды сұрайды.

4 Жалғастыру үшін **[OK]** түймесін басыңыз.


→ Күн цифры жыпылықтайды.

5 Күнді орнату үшін шарлау түймелерін басыңыз, содан кейін жалғастыру үшін **[OK]** түймесін басыңыз.

→ Ай цифры жыпылықтайды.

6 Сәйкесінше айды, жылды және уақытты орнату үшін 5-қадамды қайталаңыз.

→ **[Alarm 1: off]** (1-ші оятқыш дыбысы: өшірулі) [00:00]] және **[Alarm 2: off]** (2-ші оятқыш қатынасу) [00:00]] опциялары көрсетіледі.



7 **[Alarm 1: off]** (1-ші оятқыш дыбысы: өшірулі) [00:00]] > **[Enable (Қосу)]** немесе **[Off (Өшірулі)]** тармағын таңдау үшін 5-қадамды қайталаңыз.

8 Оятқыш дыбысы таймерін белсендіру немесе өшіру үшін 5-қадамды қайталаңыз:

[Off (Өшірулі)]: оятқыш дыбысы таймерін өшіру.

[Daily (Күн сайын)]: оятқыш дыбысы күн сайын қосылады.

[Once (Бір рет)]: оятқыш дыбысы тек бір рет қосылады.

[Weekends (Демалыс күндері)]: оятқыш дыбысы сенбі және жексенбі күндері қосылады.

[Weekdays (Жұмыс күндері)]: оятқыш дыбысы дүйсенбі мен жұма аралығында күн сайын қосылады.

9 **[Time (Уақыт)]** параметрін таңдау үшін 5-қадамды қайталаңыз, содан кейін оятқыш дыбысы уақытын орнатыңыз.

10 **[Mode (Режим)]** параметрін таңдау үшін 5-қадамды қайталаңыз, содан кейін оятқыш дыбысының көзін орнатыңыз.

[Buzzer (Зуммер)]: зуммерді оятқыш дыбысының көзі ретінде таңдау.

[Internet radio (Интернет радиосы)]: соңғы тыңдалған интернет радиостанциясын оятқыш дыбысының көзі ретінде таңдау.

[DAB]: соңғы тыңдалған DAB радиостанциясын оятқыш дыбысының көзі ретінде таңдау.

[FM]: соңғы тыңдалған FM радиостанциясын

оятқыш дыбысының көзі ретінде таңдау.

11 **[Preset (Алдын ала орнатым)]** параметрін таңдау үшін 5-қадамды қайталаңыз, содан кейін соңғы тыңдалған станцияны немесе алдын ала орнатылған радиостанцияны оятқыш дыбысының көзі ретінде таңдаңыз.

12 **[Volume (Дыбыс деңгейі)]** параметрін таңдау үшін 5-қадамды қайталаңыз, содан кейін оятқыш дыбысының дыбыс деңгейін орнатыңыз.

13 **[Save (Сақтау)]** пәрменін таңдау үшін 5-қадамды қайталаңыз, 1-ші оятқыш дыбысы орнатылды.

14 2-ші оятқыш дыбысын орнату үшін 7-13 қадамдарын қайталаңыз.



Ескертпе

- Дабыл белсендірілсе, 1-ші оятқыш дыбысы немесе 2-ші оятқыш дыбысы үшін оятқыш дыбысының белгішесі көрсетіледі.
- Оятқыш дыбысын тоқтату үшін өнімде ALARM (ОЯТҚЫШ ДЫБЫСЫ) түймесін басыңыз.
- Сондай-ақ уақыт пен күнді орнату үшін [Systemsettings (Жүйе параметрлері)] > [Time/Date (Уақыт/күн)] тармағына өтуге болады («Use system settings menu (Жүйе параметрлері мәзірін пайдалану)» > «Set time/date (Уақытты/күнді орнату)» бөлімін қараңыз).


Ұйқы таймерін орнату

1 Жоғарғы мәзірге қатынасу үшін жұмыс режимінде **MENU (МӘЗІР)** түймесін басыңыз.

2 Мәзір опцияларында айналдыру үшін шарлау түймелерін басыңыз:

3 **[Sleep (Ұйқы)]** параметрін таңдаңыз.

4 Ұйқы таймері кезеңін (минуттар түрінде) айналдыру үшін шарлау түймелерін басыңыз.
→ **[Sleep OFF (Ұйқы режимі ӨШІРУЛІ)]** жазуы көрсетілсе, ұйқы таймері өшірілген.



11 Өнім туралы ақпарат

Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгеруі мүмкін.

Номиналды шығыс қуат (зорайтқыш)	Жалпы 10 Вт RMS
Акустикалық жиілікке қатысты сипаттама	63 Гц - 20 кГц
Үндеткіш басы	2 x 2,75 дюйм толық ауқым, 6 Ом
Төменгі жиіліктерді жақсарту	2 x басс порты
Wi-Fi протоколы	802.11a/b/g/n
Wi-Fi жиіліктер диапазоны	2412 - 2472 МГц
Ең көп тасымалдау қуаты	15,08 дБм
Bluetooth нұсқасы	V4.2
Bluetooth қолдау көрсетілетін профильдер	A2DP V1.3, AVRCP V1.6
Bluetooth жиіліктер диапазоны/шығыс қуат	2402 - 2480 МГц ISM диапазоны / ≤ 4 дБм (1-сынып)
Тюнердің жиіліктер ауқымы	FM 87,5 - 108 МГц; DAB 174,928 МГц - 239,2 МГц
Алдын ала орнатылған	20
AUX IN кірісінің деңгейі	600 мВ +/- 100 мВ RMS
Құлаққап	3,5 мм ұяшық

Қуат

Үлгі (Philips брендті айнымалы ток қуат адаптері)	AS190-090-AD190
Кіріс	100-240 В ~, 50/60 Гц, 0,7 А
Шығыс	Тұрақты ток 9,0 В, 1,9 А
Жұмыс кезіндегі қуатты тұтыну	15 Вт
Құту режимінде қуатты тұтыну	< 1 Вт (сағат дисплейі өшірулі)
Өлшемдері	400 x 206 x 100 мм (тұрғысыз)
Салмағы	1,7 кг

12 Ақаулықтарды жою

Ескерту

- Өнімнің корпусын ешқашан ашпаңыз.

Кепілдікті жарамды сақтау үшін өнімді өзіңіз жөндеуге ешқашан әрекеттенбеңіз.

Осы өнімді пайдалану кезінде мәселелер кездессе, қызмет көрсетуді сұрау алдында келесі тұстарды тексеріңіз. Мәселе шешілмесе, Philips веб-сайтына (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясында хабарласқанда, құрылғы маңайда екенін әрі үлгі нөмірін және сериялық нөмір қолжетімді екенін тексеріңіз.

Қуат жоқ

- Құрылғының айнымалы ток қуат сымы тиісті түрде қосылғанын тексеріңіз.
- Айнымалы ток шығысында қуат бар екенін тексеріңіз.
- Қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде, жүйе трек соңына жеткеннен және ешбір басқару элементі пайдаланылмағаннан 15 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.

Дыбыс жоқ

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.

Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді

- Кез келген функция түймесін басу алдында негізгі блоктың орнына қашықтан басқару құралы арқылы дұрыс көзді таңдаңыз.
- Қашықтан басқару құралы мен құрылғы арасындағы қашықтықты азайтыңыз.
- Батареяларды көрсетілгендей дұрыс полюстармен салыңыз.
- Батареяларды ауыстырыңыз.
- Қашықтан басқару құралын тікелей құрылғы алдындағы сенсорға бағыттаңыз.

Радиосигналды қабылдау нашар

- Құрылғы мен теледидар немесе басқа сәулелену көздері арасындағы қашықтықты арттырыңыз.
- Радиоантеннаны толығымен ұзартыңыз.

- Бір соңында L пішінді ашасы бар ауыстыруға арналған антенна кабелін сатып ала аласыз.
- Осы өнімге L пішінді ашаны қосыңыз және екінші соңындағы ашаны розеткаға қосыңыз.



Bluetooth қолдайтын құрылғыға қосылудан кейін аудионың сапасы нашар

- Bluetooth қабылдау нашар. Құрылғыны осы құрылғыға жақындатыңыз немесе олардың арасындағы кез келген кедергіні алып тастаңыз.
- Бұл құрылғы осы құрылғы үшін қажет профильдерді қолдамайды.
- Құрылғының Bluetooth функциясы қосылмаған. Функцияны қосу жолын құрылғының пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.
- Бұл құрылғы жұптастыру режимінде емес.
- Бұл құрылғы басқа Bluetooth қолдайтын құрылғыға қосылып қойылған. Сол құрылғыны ажыратып, әрекетті қайталаңыз.

Жұптастырылған мобильді құрылғы тұрақты түрде қосылады және ажыратылады

- Bluetooth қабылдау нашар. Құрылғыны осы құрылғыға жақындатыңыз немесе олардың арасындағы кез келген кедергіні алып тастаңыз.
- Кейбір мобильді телефондар қонқыраулар шалғанда немесе аяқтағанда үздіксіз қосылуы және ажыратылуы мүмкін. Бұл осы құрылғыда ақаулық бар екенін көрсетпейді.
- Кейбір құрылғыларда қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде Bluetooth қосылуы автоматты түрде белсендірілуі мүмкін. Бұл осы құрылғыда ақаулық бар екенін көрсетпейді.

Сағат/таймер жұмыс істемейді

- Сағатты/таймерді дұрыс орнатыңыз.
- Таймерді қосыңыз.
- Сағат/таймер параметрі өшірілді. Сағатты/таймерді ысырыңыз.
- Қуат үзілді немесе қуат сымы ажыратылды.

13 Ескерту

MMD Hong Kong Holding Limited ашық түрде мақұлдамаған осы құрылғыға енгізілген кез келген өзгертулер пайдаланушының өнімі пайдалану құқығын жоюы мүмкін.

Сәйкестік туралы декларация

Осымен, **MMD Hong Kong Holding Limited** компаниясы бұл өнім 2014/53/EU директивасының негізгі талаптарына және басқа қатысты шарттарына сай екенін жариялайды. Сәйкестік туралы декларацияны www.philips.com/support бетінде табуға болады.

Қоршаған ортаны күту

Ескі өнімді және батареяны қоқысқа лақтыру



Өніміңіз қайта өңдеуге және қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен құрамдастарды пайдаланып өндірілген.



Өнімдегі бұл таңба өнімді 2012/19/EU еуропалық директивасы қамтитынын білдіреді.



Бұл таңба өнім 2013/56/EU еуропалық директивасы қамтитын, қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге қоқысқа лақтыруға болмайтын батареяларды қамтитынын білдіреді.

Жергілікті электр және электрондық өнімдер мен батареяларды бөлек жинау жүйесі туралы ақпарат алыңыз. Жергілікті ережелерді сақтаңыз және өнім мен батареяларды ешқашан қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге қоқысқа лақтырмаңыз. Ескі өнімдер мен батареяларды қоқысқа дұрыс лақтыру қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына теріс салдарларды болдырмауға көмектеседі.

Бір рет пайдалануға арналған батареяларды шығару

Бір рет пайдалануға арналған батареяларды шығару үшін батареяны орнату бөлімін қараңыз.

Қоршаған орта туралы ақпарат

Бүкіл қажет емес орауыш пайдаланылмады. Орауышты үш материалға бөлуді оңай етуге тырыстық: картон (қорап), полистирен көбігі (буфер) және полиэтилен (пакеттер, қорғағыш көбік парағы).

Жүйеңіз арнайы компания бөлшектесе, қайта өңдеуге және қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдарды, таусылған батареяларды және ескі жабдықты қоқысқа лақтыруға қатысты жергілікті ережелерді сақтаңыз.



Bluetooth® сөз белгісі және логотиптері Bluetooth SIG, Inc. иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және **MMD Hong Kong Holding Limited** мұндай белгілерді лицензия бойынша пайдаланады. Басқа сауда белгілері және сауда атаулары тиісті иелерінікі болып табылады.

Spotify бағдарламалық құралына мұнда табуға болатын үшінші тарап лицензиялары қолданылады: www.spotify.com/connect/third-party-licenses/

Көшіруден қорғалған материалдардың, соның ішінде компьютерлік бағдарламалардың, файлдардың, трансляциялардың және дыбыстық жазбалардың рұқсат етілмеген көшірмелерін жасау авторлық құқықтарды бұзу болуы және қылмыстық іс болып табылуы мүмкін. Бұл өнімді мұндай мақсаттарда пайдаланбау керек.

Кепілдікті жарамды сақтау үшін жүйені өзіңіз жөндеуге ешқашан әрекеттенбеңіз. Осы құрылғыны пайдалану кезінде мәселелер кездессе, қызмет көрсетуді сұрау алдында келесі тұстарды тексеріңіз. Мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясында хабарласқанда, құрылғы маңайда екенін әрі үлгі нөмірін және сериялық нөмір қолжетімді екенін тексеріңіз.

5G WIFI

5,15-5,35 ГГц диапазонындағы әрекеттер тек іште пайдаланумен шектелген. Шектеу таңбасы (бұл пиктограмма кез келген ЕО елінде пайдалануды шектеу үшін сақталған, ЕО елдерінде пайдалануды шектеу жоқ болса, оны алып тастаңыз).

Орауышта немесе нұсқаулықта көрсетілген, шектеу туралы ескерту немесе 10(2) (кемінде 1 елде жұмыс істейді) және 10(10) шектеулер туралы ақпарат тармақтарының түсіндірмесі.

	BE	BG	CZ	DK	DE	EE
	IE	EL	ES	FR	HR	IT
	CY	LV	LT	LU	HU	MT
	NL	AT	PL	PT	RO	SI
	SK	FI	SE	UK		

Жиіліктер диапазондары және қуат

Бұл мобильді телефон келесі жиіліктер диапазондарын тек ЕО аумақтарында және ең көп радиожііліктер қуатын ұсынады.

Bluetooth: < 6 дБм

Wi-Fi 2,4 ГГц диапазоны < 16 дБм

5 ГГц диапазоны 1~3 < 19 дБм

5,8 G диапазоны < 7 дБм



Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертілуі мүмкін.
2020 Philips және Philips қалқан эмблемасы Koninklijke Philips N.V.
компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады және
лицензия бойынша пайдаланылады. Бұл өнімді MMD Hong Kong Holding
Limited немесе оның серіктес компанияларының біреуі өндірген және
солардың жауапкершілігімен сатылады әрі MMD Hong Kong Holding
Limited осы өнімге қатысты кепілдік беруші болып табылады.
TAM2805_00_UM_V1.0

